

Әйтеке би кентінің кейбір көшелеріне атау беру және қайта атау туралы

Қызылорда облысы Қазалы ауданы Әйтеке би кенті әкімінің 2017 жылғы 06 қаңтардағы № 11 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 10 ақпанда № 5724 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына, Қызылорда облыстық ономастика комиссиясының 2016 жылғы 21 қыркүйектегі № 3 қорытындысына сәйкес Әйтеке би кентінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазалы ауданы Әйтеке би кентінің келесі көшелері:

- 1) № 1 жобалық көшесі "Дәуірхан Айдаров" есімімен;
- 2) "Қазалы" мөлтек ауданындағы № 1 көшесі "Жақас Шерипов" есімімен;
- 3) "Қазалы" мөлтек ауданындағы № 3 көшесі "Жетербай Ақбаев" есімімен аталсын.

2. Қазалы ауданы Әйтеке би кентінің келесі көшелері:

- 1) "Строительная" көшесі "Әзімжан Әліпбаев" есімімен;
- 2) "АТП" көшесі "Нұртаза Есбосынов" есімімен қайта аталсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Әйтеке би кенті әкімінің
міндетін атқарушы*

К. Иманбаев